

**КМҚК №33 «Көркемай» бөбекжай – бақшасы**

***Тақырыбы: «Достық мерекесі»***

**«Ханшатыр» МАД тобы**

**Тәрбиеші: Шаханова С.А.**

**2022 оқу жылы**

## **Бекітемін:**

**Тақырыбы:** «Достық мерекесі»

Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту. Мерекелік көңіл күйлерін көтеру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: Сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, ән айту.

Көрнекілігі: Әр ұлт өкілдерінің суреттері, АКТ құралдары

## **Мотивациялық қозғаушы:**

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктем мезгілі.
- Дұрыс айтасыздар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.
- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.

Жарайсындар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсындар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.

## **Іздену ұйымдастырушы:**

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?
- Қазақ
- Біз қай тілде сөйлесеміз?
- Қазақ тілінде.

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Сендер қандай ұлтты білесіңдер? Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.

Қане балалар бәріміз экранға қарайық.

**1 – слайд:** Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада, Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді.

**2 – слайд:** Нұрсұлтан қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. (түсіндірме беру)

Ертең 1 мамыр мерекесі. Біздің де Атырау халқы орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп,

өнерлерін көрсетеді. Сол сияқты біздің де балабақшамыздың балалары мерекеге ойдағыдай даярланды. Ән үйрендік, көркем сөз жаттадық, би үйрендік. Солай ма, балалар? Ендеше кезекті әнге берейік.

**Ән:** «Дос болайық бәріміз»

Балалардың тақпақтары

**Ойын:** «Сақина салмақ»

Балалардың орыс тілінде орындалатын тақпақтары

**Би:** «Калинка»

Ойын «Алтын қақпа» (орыс халқының ойыны)

**Ән:** «Көктем» Зияда

Ойын: «Екі дос, бір шапан» (Өзбек халқының ойыны)

Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?»

**Ойын шарты:** Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.

Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

Ырыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Ұрыс, ырысты қашырап

Ынтымақ, халықты асырап.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар, бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстындар.

Бір – біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын.

Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріңдер.

Біздің достығымызды білдіретін «**Біз бақытты баламыз**» әнін айтып қорытындылайық.

Балаларды мадақтап қоштасу.